

Котлярова Ирина Васильевнаың
6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет»,
«қайғы» эмоционалдық концептілерінің дамуын парадигматикалық
модельдеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» эмоционалдық концептілерінің дамуын парадигматикалық модельдеу.

Зерттеудің мақсаты: туынды сөзді және оның когнитивті ұқсастығын – категория-концептіні филогенетикалық номинативті және когнитивті өрістету арқылы «сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» эмоционалды концептілерінің когнитивті-номинативті парадигматизациялық дамуын әзірлеу және сипаттау; концептілердің метафоралық бейне-репрезентанттарын анықтау арқылы көркемдік санасын қайта құру, жанды және жансыз табиғаттың ассоциативті белгілерін анықтап, мәдениет коды тұрғысынан жүйелеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Номинация теориясының, когнитивті лингвистика, когнитивті семантика, лингвомәдениеттану жетістіктеріне негізделген, тілдің интегративті және полипарадигмалды түсінігі дамыған отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалары мен идеяларын жүйелеу.

2. «Сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» концептілерінің когнитивті-номинативті парадигмаларын интегративті модельдеу және семантикалық қайта құру әдістерін пайдалану арқылы құру, оның когнитивті және номинативті деп аталатын екі жоспары бар және номинацияның әртүрлі тәсілдерімен құрылған номинативті бірліктермен белгіленген когнитивті бірліктердің дамуын білдіреді.

3. «Сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» эмоционалдық концептілерінің эксплициттік репрезентациясын номинативті бірлікті, синонимикалық қатарларды, түсіндірме, фразеологиялық, семантикалық, сөзжасам, энциклопедиялық сөздіктердегі эмотивтік лексиканы, сондай-ақ Орыс тілінің ұлттық корпусынан (ОТҰК) XVIII – XX ғасырлардағы авторлардың өлеңмен жазылған және прозалық шығармаларын қолдануды талдау негізінде анықтау.

4. Синонимияның қатысуын когнитивті-номинативті парадигманы құрылымдауда аналогия ұстанымы негізінде жанды және жансыз табиғат метафораларында рәсімделген мәдени кодтар жүйесінің көрінісі ретінде анықтау.

5. Эмпирикалық материалда салынған, номинативті және коммуникативтік қызметтің кірігу әрекетінде көрініс табатын, белгілі білімді жаңғыртуға қатысатын, танымдық қызмет тілінде «коммуникативтіге дейінгі» бірліктермен бекіту нәтижесі ретінде когнитивті-номинативті парадигманы

толықтыратын «сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» концептілерінің парадигмаларын құрылымдаудың негізгі көзін орнату және сипаттау.

6. Салыстырмалы-салғастырмалы талдау негізінде когнитивті-номинативті парадигмалар құрылымында жалпы және ерекше концептуалды белгілерді, сондай-ақ «сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» эмоционалды концептілердің бейнелі репрезентациясындағы ассоциативті белгілерді анықтау.

Зерттеу әдістері: Диссертациялық зерттеуде кешенді әдістеме қолданылды, ол жалпы ғылыми сипаттамалық әдіске негізделген бақылау, жалпылау, салғастыру, түсіндіру, жіктеу, типология, модельдеу, жүйелік және қайта құру тәсілдері, нәтижелерді статистикалық талдау сияқты жеке әдістер мен тәсілдерді қамтиды. Л.К. Жаналинаның туынды сөзді және оның когнитивті ұқсастығын – категория-концептің филогенетикалық номинативті және когнитивті өрістету арқылы көрсетуге мүмкіндік беретін парадигмизация әдісі; Е.С. Кубрякованың семантикалық қайта құру әдісі, компоненттік талдау әдісі, М.В. Пименованың Кемеров концептуалды зерттеу мектебінің әдістемесі, оның көмегімен «сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» концептілерінің дамуы көрсетіліп, концептілердің метафоралық бейне-репрезентанттары сипатталып, жанды және жансыз табиғаттың ассоциативті белгілерін анықтау жолымен мәдениет коды тұрғысынан жүйелеу мүмкін болды.

Диссертацияның қорғауға шығарылатын негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар):

1. Зерттеу интегративті лингвистика тұрғысынан бұрын зерттелмеген, когнитивті-номинативті қызметтің нәтижесі болып табылатын «сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» эмоциясын 4 когнитивті-номинативті парадигмалар түрінде тану мен түйістіруді тіркейтін орыс тілінің үзіндісін ұсынады.

2. Бастапқы сөздердің когнитивті-номинативті парадигмалары және олар көрсететін «сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» концептілері олардың номинативті әлеуетінің ерекшеліктерін, диахронияда өрілген және синхронда статикалық сурет түрінде түсірілген тілдің дамуына қосқан үлесін көрсетеді. Парадигманың сыртқы тілдік жағынан құрылымы бар, оларға мыналар әсер етеді: 1) бастапқы сөздердің номинацияның әртүрлі тәсілдеріне қатысу қабілеті; 2) номинативті актілерде көрсетілген бастапқы сөздердің валенттілігі мен үйлесімділігі. Ішкі когнитивті жағынан парадигма құрылғысы бастапқы концептіні толықтыратын когнитивті белгілерді анықтайды. «Сағыныш» сөз-концептісі парадигмасының құрылымы бастапқы синонимдер бар барлық әзірленген парадигмаларға тән ортақтықты, атап айтқанда фраза тұзудің үлкен белсенділігін көрсетеді.

3. Синхронды жиынтықта зерттелген эмоционалдық концептілердің когнитивтік дамуы жаңа интеграцияланған концептілер түрінде берілген: 1) «эмоция + белгі» құрылымды кеңейтуші-концептілер; 2) концепт-«нысаналар»; 3) концепті-синкреттер; 4) концептілердің метафоралық бейне-

репрезентанттары; 5) оппозиция-энантиосемия негізінде болып жатқан тілдік емес концептілердің концептуалды интеграциясы жағдайлары; 6) метатілмен таңбаланатын тілдік концептілер.

4. Диссертацияда тілдік қызметтің жекелеген формаларының интеграциясы туралы интегративті лингвистика идеяларының бірі – номинативті қызмет (НҚ) және коммуникативті қызмет (КҚ) одан әрі дамыды. Құрылған когнитивті-номинативті парадигмалардың синтаксистік аймақтары өзара әрекеттің «категорияралық» (А.В. Бондарко) облысының бар екенін, НҚ пен КҚ өнімдерінің жақындасуын, номинативті бірлік (НБ) және коммуникативті бірлік (КБ) белгілерін білдіретін синтаксистік құрылымдардың қатар өмір сүруін көрсетеді.

5. «Сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» концептілерінің ұлттық бірегейлігі мен мәдениеттанулық маңыздылығы көркемдік сананы қайта құру арқылы, ОТҰК XVIII – XX ғасырлардағы авторлардың өлеңмен жазылған және прозалық шығармалары материалында метафоралық бейне-репрезентанттарды анықтау арқылы, сонымен бірге белгілердің ассоциативті-мағыналық белгілері мәдениет коды тұрғысынан жүйеленді. Синонимияның когнитивті-номинативті парадигманы құрылымдауда ұқсастықтар ұстанымы негізінде жанды және жансыз табиғат метафораларында рәсімделген мәдени кодтар жүйесін көрсету ретінде қатысуы анықталды. Эмоционалдық концептілерінің бейне-репрезентанттары – 5 метафоралық детерминанттары, олардың жанды және жансыз табиғат белгілерінің ассоциативті-мағыналық блоктары, вегетативтік, орнитологиялық және стихиялық кодтар бойынша жүйелендіріліп, анықталды. Өнімділік дәрежесі бойынша жіктелетін метафоралық синонимдердің 90 синонимдік қатары көрсетілді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

– тілдің интегративті және полипарадигмалды түсінігі дамыған отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалары мен идеялары жүйеленген;

– «сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» концептілерінің филогенетикалық 4 когнитивті-номинативті парадигмалары құрастырылып, сипатталды;

– сөз тіркестерінің, парадигмалардың когнитивті толық емес изоморфизмі, сондай-ақ жаңа интеграцияланған концептілер жоғары өнімділігі анықталды;

– синонимияның когнитивті-номинативті парадигманы құрылымдауда ұқсастықтар ұстанымы негізінде жанды және жансыз табиғат метафораларында рәсімделген мәдени кодтар жүйесін көрсету ретінде қатысуы анықталды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы:

Бірінші ғылыми нәтиженің жарамдылығы тілдің интегративті және полипарадигматикалық бейнеленуі саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалары мен идеяларының жүйеленгенін растайды.

Екінші ғылыми нәтиженің жарамдылығы «сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» концептілері 4 когнитивті-номинативті парадигмаларын жасау және құру мысалында тілдің номинативті әлеуетін кешенді интегративті зерттеудің арқылы дәлелденді.

Үшінші ғылыми нәтиженің жарамдылығы жалпы концептуалды белгілерді мен жаңа интеграцияланған концептілер талдау арқылы анықталады.

Төртінші ғылыми нәтиженің жарамдылығы ана тілінде сөйлеушілердің көркемдік сана қайта құру, жанды және жансыз табиғаттың ассоциативті белгілерін, концептілердің метафоралық бейне-репрезентанттары өкілдерін анықтау, мәдениет коды тұрғысынан жүйелеу арқылы қол жеткізілді.

Ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Зерттеудің ғылымның барлық бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.

Әрбір жарияланым дайындауға докторанттың қосқан үлесі (диссертация авторының үлесі жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен көрсетіледі):

Диссертацияның негізгі мазмұны 18 ғылыми жарияланымдарда берілген:

– Web of Science және Scopus ғылыми өлшеу деректер базасына кіретін еңбектер:

1. «Сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» эмоционалды концептілерінің модельдеу // Томск мемлекеттік университетінің хабаршысы. Филология. 2022. №75. – Б. 94-119. DOI: 10.17223/19986645/75/5. http://journals.tsu.ru/philology/&journal_page=archive&id=2189. Баспагер: Tomsk State University, Q1 2022 ж., процентиль CiteScore 2021: әдебиет және әдебиет теориясы – 74%, тіл және лингвистика – 43%, лингвистика және тіл – 42%. (Бірлескен авторлық: Мусатаева М.Ш., 70%).

– ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

2. Тілдің семантикалық кеңістігі когнитивті-номинативті құрылысы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2012. – №4 (138). – Б. 72-77 (100%).

3. Когнитивті-дискурстық аспект қазіргі заман лингвистикасының дамуындағы бағыт // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2013. – №3 (143). – Б. 88-95 (100%).

4. «Сағыныш» концептін су белгілері арқылы лексикалық репрезентациялау // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2013. – №4 (144). – Б. 29-35 (100%).

5. «Сағыныш» концептін жер белгілері арқылы лексикалық репрезентациялау // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2013. – №5-6 (145-146). – Б. 34-40 (100%).

6. «Сағыныш» концептін құстар белгілері арқылы лексикалық репрезентациялау // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2014. – №3 (149). – Б. 115-119 (100%).

7. «Сағыныш» концептін ауа белгілері арқылы лексикалық репрезентациялау // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2014. – №4-5 (150-151). – Б. 105-111 (100%).

8. «Сағыныш» концептінің өсімдік белгілері арқылы лексикалық репрезентациялау (бірінші мақала) // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2015. – №2 (154). – Б. 174-180 (100%).

9. «Сағыныш» концептінің өсімдік белгілері арқылы лексикалық репрезентациялау (екінші мақала) // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2017. – №1 (165). – Б. 178-182 (100%).

– шетелдік ғылыми баспаларда жарияланған еңбектер:

10. Қазіргі лингвистиканың когнитивті-дискурсивті бағыты. Медицина студенттеріне арналған тест түріндегі тапсырмалары бар квантталған тәрбиелік мәтіні // Педагогикалық өлшемдер. – Мәскеу: Мектеп технологиялары ғылыми-зерттеу институты, 2015. – №2. – Б. 58-62 (100%).

11. Тілдік сананы ұйымдастыру. Тест түріндегі тапсырмалары бар квантталған тәрбиелік мәтіні // Педагогикалық өлшемдер. – Мәскеу: Мектеп технологиялары ғылыми-зерттеу институты, 2015. – №4. – Б. 82-86 (100%).

– халықаралық ғылыми конференцияларының, соның ішінде шетелдік, материалдарында жарық көрген ғылыми еңбектер:

12. Қазіргі тіл білімінің объектісін полиаспектуализациялау // XXVI Пушкин оқулары: халықаралық ғылыми конференция баяндамаларының жинағы. – Мәскеу: Мемлекеттік орыс тілі институты, 2011. – Б. 251-262 (100%).

13. Ғылымдағы ескі және жаңа онтология арасындағы бәсеке // Қазақстан Республикасында Жоғары білім беру жүйесіндегі оқытудың заманауи технологиялары: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Елтаным баспасы, 2011. – Б. 41-44 (100%).

14. Когнитивті бірліктер, олардың тілдік жүзеге асу жолдары мен құралдары // Поэтика және өлеңтану мәселелері: VI халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, арналған көрнекті қазақ жазушысы З. Шашкиннің 100 жылдығына. – Алматы: ҚазҰПУ, 2012. – Б. 362-365 (100%).

15. И.А. Крылов шығармаларындағы «қуаныш» эмоционалдық концептінің лексикалық қайта таныстыру репрезентациялау // Тіл және мәдениетаралық қатынас: II халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – Б. 146-148 (100%).

16. «Еркек» концептінің когнитивті-номинативті парадигмасы // Тіл және мәдениет: XI халықаралық ғылыми конференциясы когнитивті лингвистика мәселелері бойынша «Когнитивті лингвистикадағы жаңа парадигмалар мен жаңа шешімдер». – Алматы-Кемерово-Витебск-Донецк: ҚазҰУ, КемМУ, ВМУ, ДонҰУ, («Филологиялық жинақ» сериясы, №12), 2013. – Б. 51-60 (100%).

17. Тілдік санадағы номинативті әрекеттердің нәтижелерін модельдеу // XXVII Пушкин оқулары: халықаралық ғылыми конференция баяндамаларының жинағы. – Мәскеу: Мемлекеттік орыс тілі институты, 2013. – Б. 209-220 (100%).

18. «Сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» концептілерінің фразеологиялық потенциал // Фразеология әлемнің тілдік бейнесінде: когнитивті-прагматикалық регистрлер: когнитивті фразеология бойынша 4-ші халықаралық ғылыми конференцияның ғылыми еңбектер жинағы. – Белгород: ООО Эпицентр, 2019. – Б. 89-97. (Бірлескен авторлық: Жаналина Л.К., 50%).